



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

дүниелерінің де басым көпшілігі осы жанрдың еншісінде екендігі тегін емес. Жазушы шығармаларында шұбалаңқылық жоқ, қандай тақырыптағы шығармасын алмаңыз, алдымен қаламгердің нақтылық, дәлдік, қысқалыққа ден қоятынын байқаймыз. Оның шығармаларының бас – аяғының өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігі сондықтан Б.Шаханұлының бүкіл шығармашылық мұрасы осыны дәлелейді.

Сонымен, Б.Шаханұлы шығармашылығы еркін ақыл - ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арман аңсары да асқаралы. Әрине, біз жазушының суреткерлік қыры жөнінде бірде жалпы шолу, бірде нақтылы талдаулар арқылы зерттеу мақсатына сәйкес ой-тұжырымдар түйіндедік. Ал, әрбір мәселені тереңдей қарастырып, өзге қаламгерлермен одан әрі салыстыра қарастырғанда, айтылар ойларға негіз боларлық жайлар да жеткілікті. Ол алдағы іргелі зерттеулердің еншісі деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: тізімі:

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы, 8 – т. Алматы: Қазақпарат, 2004. – 520 б.
- 2 Уақыт және қаламгер. Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1978. – 245 б.
- 3 Шаханұлы Б. Қоңыр жон. – Алматы: Жазушы, 2006. – 520 б.
- 4 Шаханұлы Б. Ақын – жазушыны біріктіретін ұлттың, халықтың мүддесі // Қазақ әдебиеті газеті. 2010, №35, 10 – қыркүйек. – Б. 2-3.

ӨОЖ 82-39:821.512.122

ТӨЛЕН ӘБДІК ТУЫНДЫЛАРЫЫНДАҒЫ МОДЕРНИСТІК ҮРДІСТЕР

Мұқтар Толғанай Талғатқызы

Tolganai.mukhtar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының III курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.С. Тұрысбек

Әлемдік әдебиет контексінде модернизм эстетикалық доктрина ретінде алдыңғы дәуірлердің рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қырларын жаңаша (французша «moderne» сөзінің «жаңа», «жаңашыл» ұғымын беретінін ұмытпайық) парықтаудан барып дүниеге келді. Модернистер өз дәуірлерін ірі тарихи жаңарулар мен түбегейлі өзгерістердің кезеңі деп қарады. Алғаш тәжірибе түрінде енгізіліп, кейін теориялық тұрғыда негізделген «сана ағымы», А. Бергсонның интуиция және сана өзгерістері мен өмір құбылыстарының ұқсас жағдайларын сабақтастыру, З. Фрейд пен К. Юнгтың адам әрекеттерін санадан тысқары қарастыратын психоанализі хақындағы концепциялары модернистер үшін айрықша маңызға ие болды [1, 337]. Модернизм әдебиетінің ұстанар басты принциптерінің бірі көркем шығарма тінін сана ағымына орайластыру десек, мұндай сипат 1960-80 жылдардағы қазақ прозасында басымдыққа ие болды. Мұндай үрдіс Ә. Кекілбаев, Т. Әбдіков, О. Бөкей, А. Сүлейменов, Қ. Ысқақов, А. Нұрманов, М. Мағауиндердің стильдік бағдарына тән еді [1, 344]. Әсіресе, талантты жазушы Т. Әбдіктің шығармашылығында модернистік үрдістер анағұрлым айқын таңбаланады. Төлен Әбдікұлының шоқтығы биік «Әке», «Оралу», «Ақиқат», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», «Тозақ оттары жымындайды», «Парасат майданы» повестері, «Қайырсыз жұма», «Қонақтар», «Бассүйек», «Оң қол», «Жат перзент», «Бір күндік ашу» сынды т.б. әңгімелері адамгершілік, ізгілік, мейірім, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналуымен қатар әлем мен адам қарым-қатынасы тұғырнамасында сананың бөлшектенуі, адамның қос жарылуы сынды психологиялық мәселелерді де қозғаған.

«Оң қол» әңгімесінде Алма дейтін бақытсыз қыздың арғы аталарының бірі өзін-өзі өлтірмек болып, бірақ идея іске аспай қалған. Генетикалық кодқа жазылған өлім әңгімеде

былай берілген: «Оң қол Алмаға тек қалың ұйқы құшағына енгенде шабуыл жасайды. Яғни өзіне қанша түсініксіз болғанмен, өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген. Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қанмен, тұқым қуалап келген ниет. Науқастың шешесі, иә әкесі, иә әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. енді олар әлдебір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Санасының иесі – қыз өлуге тиісті» [2, 317]. Енді генетикалық ақпаратқа енген осы идея пәленбай ұрпақтан кейін қыздыңжадында жаңғырып, ақыры жүзеге асып қыздың мерт болуымен аяқталады. «Оң қол» әңгімесінде автор идеясы – жақсылық атаулымен қатар жүретін зұлымдық іс-әрекеттер мен жауыздықтың түп-төркіні - ой мен соны іске асыратын қол. Жаман істің ойға келіп, бірақ іске аспаса да оның өзінен кейінгі болашағының генетикалық кодында сақталып, кесел болып жабысатынын автор әңгіме арқылы жеткізіп отыр.

Келесі әңгіме - «Қонақтар» шығармасы. Тақырыптың өзі символ ретінде алынғандықтан, онда көптеген ой жатыр. Негізінен, бұл әңгіме кемпір-шалдың жалғыз ұлы жайлы өрбиді. Абайдың «Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деген өлең жолдарындағыдай жалғыз ұлын оқытқан, «Адам болам десең, алдымен орыс тілін меңгер» дегендей орыс тілін үйреткен ата-ананың халдері баяндалған. Жалғыз ұлдарының орыстың қызын алып, немересін ауылға тастамай, орыс мектебіне беремін дегенін естіген қарт ата-ананың басындағы мүшкіл жағдай - қазіргі мына заманның ащы шындығы. Қаламгер идеясы осы ащы шындыққа негізделген. Бұл шындық әңгімеде былай көрінген: «Ертеңіне тұрысымен Сапабек қайтуға жиналды. Әке-шешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды.

- Осының бәрі Томаның жинап жүргені. Сіздерге де осы шыбын-шіркейболыпжүреді. Мен болсам қалтама түскен затты сол күні құртам ғой, - деп қояды. Осыдан барысымен посылка салатынын айтты. Одан соң:

-Ал, енді мына балаларың,-деді Жеңісті көрсетіп, - бір түйір қазақша білмейді, - чемоданының аузын жаба алмаған болып біраз қиналды, - таттанып қалған ба немене?... Ал енді оқу уже басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыздар? Биыл жетіге келді.

Ерекең төмен қарап, үн-түнсіз ұзақ отырды.

-Алып кет өзіңмен бірге, -деді бір кезде даусы қарлығып. – Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла күлді.

-Ой, көке-ай, мені бір бала сырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе ...

-Бар, бар, алып кет, - деді Ерекең. – Жолдарың болсын!» [2, 301-302]. Сапабек өлімге келмесе де, ата-анасына жалсыз өлтіріп кетті. Міне осылайша, бұл әңгімеде Сапабек сынды жастардың қалаға келіп, орыстанып кетуі, тілін, дінін құрметтемек тұрмақ ата-анасын құрметтеуден қалған санасыз ұрпақ жайлы айта отырып, бір ғана отбасындағы жағдай арқылы «ата-ана алдындағы парыз», «сананың улануы», «қазақылықтың жойылуы» сынды қоғамның үлкен проблемаларын жеткізе білген.

Келесі «Ақиқат» повесін алып қарайық. Шығарма бас кейіпкері Роберттің үзік-үзік санасындағы жаңғырықтар абсолютті шындық, адам мен әлем, жаратылыс пен мәңгілік т.б. іргелі философиялық толғамдарына құрылған. Роберттің телепаттық қасиетін өз мақсатына пайдаланушы профессормен, жындыханадағы көршісі священникпен және дәрігермен болатын диалог полимикалық тұрғыда басталғанымен, бара-бара Робертпен диалогқа түсуші субъект ығысып, орталық образдың субъективті толғаныстары күш алып кетіп отырады. Өйткені ішкі монологтың күрделенген типі, ой мен сезімді бейнелеудің модернистерге тән техникасы – сана ағымы доминанттық сипат алады[1, 349]. Профессор – Роберт диалогының бір үзіндісіне жүгініп көрейік:

- Болашақ тұнып тұрған фальсификация. Шындық пен жалғанның шекарасын таба

алмаймыз. Өйткені бәрін қолдан жасаймыз.

- Бұл сұмдық қой, - деді профессор сыбырлап. – Адамзаттың санасымен жасалған осыншама заттың бәрін жоққа шығаруға бола ма?...

- Мынау өмірдегі мән-мағына, қасиет, әділет деп жүргендеріміздің бәрі адамдардың өздері ойлап тауып жүрген дүниелері. Әйтпесе олардың жаратылыс заңының негізін құрауға еш қатынастары жоқ...» [2, 110].

Қаламгер Роберттің бейнесін ішкі ой-толғаныстарымен тантудағы мақсаты – өмір шындығын емес, өмір туралы пайым-түсініктердің тиегін ағыту. Модернистік шығармада өмірдің алуан құбылыстарынан гөрі өмір жйындағы таным-қырларын бірінші орынға шығаруы аталған туындының да басты ерекшелігіне айналады [1, 350].

Автордың ерен туындысы – «Парасат майданы» повесі. Повесть «Күнделік иесі» мен «Бейтаныс құрбы» арасында өрбіген диалог бойынша жазылған. «Парасат майданы» шығармасының тың жаңалығы – мифтік ойын, мифтік иллюзия. Ә. Нұрпейісов: «Ағымнан жарылып айтайын, өткен жылы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесін оқып шығып ай бойы әлде бір сиқырлы әлемге ар балғандай күйде жүрдім. «Қазақ әдебиеті тіршілігін тоқтатты деп кім айтты? Жоқ, олтірі, мұндайға жап туындыны дүниеге әкелген әдебиет өмір сүре береді» - деп, баға беріп ғана қоймай, қаламгердің ерекше стилін тілге тиек еткен [3,34]. Повесть өз бойына модернистік әріп остмодернистік үлгіні, диалог арасындағы интертекстуалдық өрістегі тартысты, сананың екіге айрылуы, кері оралыс сынды көркемдік құралдарды жинаған. Ең бастысы – философиялық шығарма. Күнделік иесінің жанауруымен ауруханаға түсуі оның адамдарға аяушылықпен, жанқиярлық сезімдерімен күресінен түскен. «Өмір – күрес. Адамдар алдымен қара күшпен күресетін болды. Одан кейін неше түрлі қару-жарақойлаптауып, соғысашып, халықтарды жаппайқырғынға ұшыратты. Енді, қатеріодан кем емес, ақыл-парасат майданы шықты. Егер бұл майданда ізгілік жеңіске жетпесе, адамзаттың рухани күйреу дәуірі басталады. Одан құтқаратын күш жоқ. Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз депсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім қой. Сенім деген сол екеуінің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау». Достоевский: «Сенім жоқ жерде – ізгілік те жоқ», - дейді. Сонда бұл қандай сенім? Изгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл – ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Изгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жасай алмайды. Сіз тағы да ештеңеге «жақсы», «жаман» деп айдар тағуға болмайды депсіз. Адам баласының хайуандар әлемінен жоғары тұруы әлгі «жақсы» мен «жаманды» айыра алатын парасатының арқасында ғана емеспе. Егер біз осы екі ұғымға лайықты айдар таға алмасақ, адамгершілік деп аталатын ұлы шарифат та тумаған болар еді» [4,34]. Шығарманы толық оқымаған адамға бұл кейіпкер екінші бір кейіпкермен тілдесіп отырғандай көрінуі мүмкін. Алайда, бұл тек бір ғана адамның ішкі «менімен» тілдесуі. Яғни, тұлғаның екіге жарылуы. Бұл шығармадағы қорытынды: адам жақсылықты да жамандықты да ойлай алады және оның екеуін де істей алады. Бірақ, Алла тағала адамды саналы етіп жаратқаннан кейін жаманның жамандығын, жақсының жақсы екенін саналы түрде түсініп, дұрыс таңдау жасай білуі керек. Автор басқа да әңгіме, повестерінде адамзаттың айтулы тақырыптарын көтеріп, оқырманға ой салу арқылы адами қасиеттерге баулып, дұрыс жолмен жүруге тәрбиелейді.

Т. Әбдік қазақ әдебиетінің озық дәстүрлерін жаңашылдықпен жалғастырып, қазақ әдебиетін мазмұн, түр, тақырып жағынан ерекше байытты.

Жазушы Төлен Әбдіковтың шығармашылығы туралы Қ. Құрманғалиев:

«Әбдіковтің әдебиеттегі қолтаңбасының ерекше екендігін өзінің жазу мәнері, сөз қолданысы, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын сомдауы, оқшау образдар жасауы, тосын тұлғалар табуы тайға таңба басқандай дәлелдеп-ақ тұр. Төленнің кез-келген шығармасының кейіпкерлері сөз саптасынан бастап дүниетанымына дейін ерекшеленіп тұруымен дараланады», - деп жазды. Мұхтар Шаханов: – Төлен – менің ең жақын досым, аз ғана сырластарымның біреуі... Төлен екеуіміздің ойымыз бір, мүддеміз қашан да ортақ. Жүрегіміз бен тілегіміз де бір мақсат үшін жұмылған. Осы бірлігіміз ажырамасын. Жазушы Әшірбек Сығай: – ...Төлен Әбдік – шын жазушы. Жазушы – дәуір мен дәуірді, ғасырлар мен

ғасырларды байланыстыратын, таудан тас құлатқандай, зеңгір аспанда қолымен бұлт қайырмай ғаламат күш иесі, алып әрекеттің адамы. Ал Төлен осы айқындауыштың барлығына сыяды. Үйде отырып, әлемді қиялымен кезіп, керемет суретті көз алдына келтіретін қасиеті бар жазушылардың бірі осы Төкең десем қателеспеймін. Төленнің шығармаларында оқиғалар басқа елде өтіп жатқанымен, ондағы мінез бен көрініс біздің қазақтың болмысынан ешқашан алшақ кеткен емес. Мәселен, «Оң қолды» оқыған кезде мен өзімнің оң қолымнан бір айға дейін сескеніп, шошып жүрдім. Міне, шығарманың күші-қуаты осылай болуы керек. «Айтылмаған ақиқат», анау «Өліара» романы, «Көктерегін» алыңыз, қай-қайсысында да жазушының ой ұшқырлығы алдыңғы кезекте тұрады. Тұтас психологиялық шендесудің шебер құрылымдары бар. Бұл – Төленнің табиғатына тән дүние[5]. Шынында да Төлен Әбдікұлы қазақ сөз өнеріне өзіндік қолтаңбасымен, стильдік ерекшеліктерімен жаңаша леп әкел әкелген, оқырман жүрегіне жол таба білген талантты жазушы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарылғапов Ж. Ж. Қазақ прозасы ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖЖС «Глассир», 2009. – 400 б.
2. Әбдікұлы Т. Оң қол. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 б.
3. Нұрпейісов Ә. Қаламгер дидары. Алматы: Жалын, 2003. №1
4. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. Abai.kz сайты
5. <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/zhaaly/13062/>

ӨОЖ 81'244

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН ЖАҒДАЙЫ

Мұса Гаухар Маратқызы

gauhar.musa.nis@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Жаратылыстану ғылымдары факультетінің 1-ші курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Смагулова Б.Г.

Тіл - елдің басты құралы болып табылатын, өткені мен қолданысы бар, сол тілде сөйлейтін ұлт өкілдерін байланыстырушы негізгі құрал болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік қазақ тілі 1997 жылы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы бойыншы мемлекеттік тіл ретінде қабылданды.

Оңтүстік Қазақстан облысы ресми түрде қазақ тіліне көшуді 2003 жылы бастаған болатын. Ал бүгінде дерлік 100 пайыз мемлекеттік ісқағаздар қазақ тілінде толтырылуда. Тек ОҚО емес, Жамбыл, Қызылорда, Атырау және де Маңғыстау облыстары да қазақ тіліне толық көшуге дайын. Қазіргі таңда жергілікті қазақ балабақшаларында өзге этностардың да балалары тәрбиеленуде.[1]

Ғылыми зерртеу жұмыстың мақсаты Оңтүстік Қазақстандағы қазақ тілінің қолданыс деңгейін анықтау болып табылады.

Бұл жобаның негізгі мақсаты мынадай болып келеді:

Қазіргі күнгі Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазақ тілінің қолданыс деңгейі мен қазіргі жағдайын анықтау, мәселелерді шешу жолдарын ұсыну;

Зерттелу аймағы ретінде Оңтүстік Қазақстан облысының таңдалу себебі қазақ тілінде сөйлейтін халық санының көптігі, Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда қазақтардың санының көп болуы және зерттеу жұмысының барысында жергілікті халықпен жұмыс жасаудың қолайлылығында болып отыр. Жобаның барысында Оңтүстік Қазақстан облысындағы әр түрлі жастағы азаматтардың қазақ тілінде сөйлеу еркіндігі мен қолдану аясын зерттеу бойынша жұмыс жасалынады.